

Қиянатсыз ой ойлау, қиянатсыз сөз сөйлеу, қиянатсыз әрекет ету адамды жарыққа, тазалыққа бастайды.

Әлихан Бөкейханның «Білімнен мақсат шықпайды. Әзәзіл ұжмақтан надандықпен шыққан жоқ. ...Ұлтына, жұртына қызмет ету білімнен емес, мінезден... Білім біліммен, мінез – мінезбен» деген сөзі бар. Біріншіден, Әлихан мінез деп атаның сүйегі, ананың сүтімен сіңген қасиетті, тәрбиені, елге, жерге деген сүйіспеншілікті айтып отыр. Екіншіден, білімнің табиғатына күнәнің тән екені туралы ой қозғайды. Адамзат баласының жұмақтан қуылуына білім ағашының жемісін жеуі себеп. Парадокс.

Арлы ақыл, ар білімі деу арқылы Шәкәрім үнемі арды алға қойып отырған. Арсыз білім, арсыз ақыл адамзатты адастырмақ. Шәкәрімнің «пәншілдік» орнына «ар түзейтін ғылым қажет» дегендегі басты ойын, *пәншілдік* турасындағы идеяларын осылай түсіну қажет. Сыртқы дүниені танып, оны адамзат игілігіне қызмет еткізу үшін затшыл ғылымның өз орны бөлек болғанмен, жанды, Жаратушыны тануда оның сол шектеулі шеңберден шыға алмайтынын түсінген жөн. Шәкәрімнің де айтпақ ойы осы.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Шәкәрім. Иманым. Алматы: Арыс, 2000. – 117 б.
2. Құдайбердиев Ш. Шығармалары /Өлеңдер, дастандар, қара сөздер/. Алматы, 1988.– 206 б.
3. Ш. Құдайбердіұлы. Үш анық. // Әлем альманах. Алматы, 1991. -20 б.
4. Ш. Құдайбердіұлы. Мұсылмандық шарты. //Жол табалық ақылмен. Халықаралық Абай клубы 2006.–671 б.
5. Құнанбаев А. Шығармаларының бір томдық толық жинағы. Алматы, 1961. –227 б.
6. Абу Хамид аль-Газали. Крушение позиций философов. Москва, 2007.

ӘОЖ 39:1(=512,122)

ЖАҢА ДАМУ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАРДЫ САҚТАУДЫҢ ӨЗЕКТІЛІГІ

Рақимжанова Саяна Қадырқызы

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университеті
философия кафедрасының қауымдастырылған профессор м.а., PhD докторы,

Болысова Куралай Махсутхановна

Астана халықаралық университеті

Өнер және гуманитарлық ғылымдар жоғары мектебінің

қауымдастырылған профессор м.а., философия ғылымдарының кандидаты, Астана, Қазақстан

Қазақ халқы өзінің ұзақ тарихи даму жолында бірнеше маңызды өркениеттік кезеңдерді бастан өткеріп, әр кезең ұлттық болмыс пен тарихи сананың қалыптасуына өзіндік әсерін тигізді. Бірінші кезең – «Алтын дәуір» деп сипатталады. Бұл – Алтын Орда кезеңімен сәйкес келетін уақыт. Қазақ пен ноғай халықтарының бірлігіне негізделген бұл дәуір көшпенділер өркениетінің ең шарықтау шегі ретінде бағаланады. Ұлы Дала кеңістігіндегі өмір салты мен ерлік рухын сипаттайтын эпостық мұралар – «Қырымның кырық батыры», «Ер Қосай» секілді жырлар – осы кезеңдегі тарихи сананың көркем көрінісі болып табылады. Екінші кезең – «Қиын-қыстау заман». Бұл уақытта қазақ пен ноғай бірлігі ыдырап, қазақ халқы өз бетінше мемлекет құру жолына түсті. Тәуелсіздікке ұмтылған көшпенді жұрт түрлі ауырлықтарды бастан кешірді. XV–XVII ғасырлар аралығындағы Дайыр Қожа, Қазтуған, Асан Қайғы, Доспанбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Ақтамберді, Үмбетей, Бұқар жырау секілді жыраулардың шығармашылығы осы тарихи кезеңнің рухани айнасы іспетті. Бұл кезеңдегі жыраулық поэзия – халықтың еркіндікке деген ұмтылысын, ел мен жерге деген сүйіспеншілігін сипаттайтын терең философиялық мұра болып табылады. Үшінші кезең – «Зар заман». Бұл кезең Еуразиялық көшпелі өркениеттің әлсіреуінен басталып, қазақ халқының Ресей империясының ықпалына толықтай тәуелді болуымен сипатталады. Осы уақыттағы тарихи санада тәуелсіздіктен айырылудың зардабы, әлеуметтік күйзеліс, рухани дағдарыс көрініс тапты. Шортанбай Қанайұлы, Дулат Бабатайұлы және Мұрат Мөңкеұлы сынды зар заман ақындары бұл тарихи ахуалды терең сезіммен бейнелеп, елдің тағдырына алаңдаушылық білдірді. Төртінші кезең – «Жаңару дәуірі» немесе «жаңа заман». XX ғасырдың басынан бастап басталған бұл кезеңде Шығыс елдерінде, соның

ішінде Қазақстанда да, реформалық идеялар белсенді түрде тарала бастады. Бұл қозғалыс ұлттық мәдениет пен этностық ерекшеліктерді сақтай отырып, жаңғыру бағытын ұстанды. Шоқан Уәлиханов, Абай Құнанбайұлы және Ыбырай Алтынсарин сынды ағартушылардың еңбектерінен бастау алған бағыт кейіннен «Алаш», «Қазақ», «Түркістан» идеялары арқылы саяси деңгейге көтерілді. Ұлттық сана мен ұлтжандылық бұл кезеңде ерекше қарқынмен дамыды. Бесінші кезең – Қазіргі заман. Бұл – тарихи сананың жаңғыру, трансформациялану кезеңі. Қазақстан индустриялық және постиндустриялық даму жолына түсе отырып, жаһандану үдерістерінің белсенді қатысушысына айналды. Қазіргі таңда тарихи сана жаңа мазмұнмен толығып, ұлттық мұра мен жаһандық құндылықтарды үйлестіру міндеті алдыңғы қатарға шықты. Қазіргі уақытта дүние жүзінде аса күрделі процестер іске асуда. Соның бірі жаһандану (глобализация, ғаламдастыру) процесі – бұл әлеуметтік, рухани, саяси экономикалық процесті білдіретін термин. Жаһандану, ғаламдану, әлемдік ауқымдану, глобализация (ағылш. Global - әлемдік, дүниежүзілік, жалпы) – жаңа, жалпы әлемдік саяси, экономикалық, мәдени және ақпараттық тұтастық құрылуының үрдісі [1]. Жаһандану қандай да болмасын процестің, іс-әрекет барысының немесе мәдени-әлеуметтік феноменнің бір ғана ұлт, халық, мемлекет, өркениет немесе континент шеңберімен шектелмей, бүкіл планеталық деңгейде көрініс тауып, маңызға ие болуын танытатын ұғым. Бүгінгі таңда, дамудың қандай да болса проблемасын жаһандану үдерісінен бөлек қарау мүмкін емес [2].

Француз философы Жак Деррида жаһандану құбылысын қазіргі әлем дамуының **қайтарымсыз әрі заңды үдерісі** ретінде сипаттайды. Оның пікірінше, бұл үдерісті сыни тұрғыдан, терең пайыммен саралай отырып, оның **оң және теріс жақтарын** айқындау қажет. Жаһандану – әлем халықтарының мәдениеті, экономикасы, саяси құрылымы мен ақпараттық кеңістігін жақындастырып, біріктіретін әмбебап сипаттағы үдеріс. Бұл тұрғыдан алғанда, жаһандану ұлттық мемлекеттерге жаһандық интеграциялық үрдістердің жетістіктерін, экономикалық және ғылыми-технологиялық дамудың игіліктерін алып келу әлеуетіне ие. Алайда бұл үдерістің екінші бір қыры – ұлттық мәдениетпен дәстүрлі құндылықтарды көмескілену қаупін тудыруы. Жаһандану кейбір жағдайларда **ұлттық бірегейліктің әлсіреуіне**, этникалық мәдениеттердің жұтылып кетуіне, сондай-ақ саяси және әлеуметтік тәуелсіздік ұстанымдарының әлсіреуіне жол ашуы мүмкін. Ауқымды мәдени экспансия мен гомогенизацияға бейім бұл құбылыс **әлсіз өркениеттер мен шағын этностардың мәдени кеңістігін шектеуге немесе жоюға ұмтылатын ықпалға** ие болуы ықтимал. Осыған байланысты жаһандану үдерісін толықтай терістемей, оның ұтымды жақтарын ұлт мүддесіне сай икемдеп, жағымсыз ықпалдарын **бейтараптандыру** маңызды. Қоғам үшін жаһандану белгілі бір деңгейде қажеттілік болғанымен, оның ұрпақ санасын қорқынышты, жат бейнеде өзгеруіне жол бермеу қажет. Бұл – ұлттық құндылықтарды сақтау, дамыту және оларды жаһандық өзгерістерге бейімдей отырып қорғау арқылы жүзеге асатын үдеріс. Ұлтты ұлт ететін – тіл, дәстүр, тарих, мәдениет секілді рухани-мәдени негіздер. Осы құндылықтар жаһанданудың жағымсыз ықпалынан қорғалып, саналы түрде іріктелген, икемделген жағдайда ғана **ұлттық тұтастық пен рухани егемендікті** сақтап қалуға болады. Ал жаңашылдық ұғымына келетін болсақ, адамдар өміріндегі ойлау жүйесінің немесе дүниені қабылдаудың жаңа түрін шығару және қалыптастыру процесін айтамыз. Бұл көбіне ғылымда «инновация» терминімен байланысты. «Инновация» – латын сөзінен шыққан, ол «жаңару», «жақсару» немесе «өзгеру» деген мағынаны білдірді. «Innovatio» «өзгеріс бағытында» деген мағынада айтылған сөз [3]. Инновациялық ойлау, демек, жаңаша ойлаудың бағытын білдіретін ұғым. Оның үш өлшемі бар: жаңа ой, жаңа іс, харекет және жаңа нәтиже. Жаңалықты тану, сөйтіп, оны білім, ғылым, ең бастысы технологияға айналдыру [4]. Санамыз, ойымыз, ісімізден озып жүруін және жаңғыруын қажет етеді.

Қоғамның басты мақсаттарының бірі – елін сүйетін, отансүйгіш, рухани әрі адамгершілік қасиеттері жоғары тұлға тәрбиелеу болып табылады. Бүгінде Қазақстанның халықаралық және ақпараттық кеңістікке енуі ел дамуы үшін маңызды жетістік екені сөзсіз. Алайда бұл үдеріс ұрпақтың тарихи жадын, ұлттық дәстүр мен мәдени мұраларын ескерусіз қалдыруына себеп болмауы тиіс. Жастар өздерінің шыққан тегін, ұлттық болмысын, мәдениеті мен дәстүрін терең меңгермейінше, ел дамуына лайықты үлес қосуы қиынға соғады. Кез келген ұлттың негізгі тірегі – оның ұлттық құндылықтары екені даусыз.

Қазақ халқы өзінің бай да ұзақ тарихында көптеген қиындықтарды бастан кешіріп, осы жолда ұлттық болмысына сүйене отырып алға басты. Сол себепті жаһандану заманында ұлттық құндылықтарға немқұрайлы қарамай, оларды бағалай білу – бүгінгі және келешек ұрпақ үшін аса маңызды. Құндылықтарды сақтап қана қоймай, оларды қазіргі заман талабына сай қайта жаңғырту – бұл жастардың дамуына кедергі емес, керісінше, бағыт-бағдар бола алады.

Бүгінгі жаһандық бәсекеге толы заманда жастардың үздіксіз ізденіп, табысты болуға ұмтылуы қажет. Бұл жолда олардың білім алуымен қатар, өз мәдениеті, тілі, діні мен салт-дәстүрін ұмытпауы – маңызды мәселелердің бірі. Сонымен қатар, адамгершілік қасиеттерге бай, өзге адамдарға жанашыр, мейірімді ұрпақты тәрбиелеу – ұлттық болмысымызды сақтау мен дамыту жолындағы маңызды бағыттардың бірі. Жас ұрпаққа ұлттық тәрбиені сіңіру арқылы болашаққа нақты қадам жасай аламыз. Қай кезеңде де рухани құндылықтар – ұрпақтың басты қажеттіліктерінің бірі. Қазіргі таңда дәстүрлі қоғам өзгерістерге бейім емес деген көзқарастар жастардың санасына орнығып қалған. Алайда дәстүрлерді заман талабына сай бейімдеу – ұлттық сананың даму жолындағы маңызды қадам. Жастар өз халқының дәстүрін, мәдениетін, ұлттық құндылықтарын меңгере отырып, алдыңғы буыннан тәжірибе алады және оны өз идеяларымен байыта түседі.

Ұрпақтар сабақтастығы – қоғам дамуының маңызды элементтерінің бірі. Жастар бойында Отанға деген сүйіспеншілік қалыптастыруда ұлттық құндылықтардың атқаратын рөлі айрықша. Осы тұрғыда Бакытжан Сатершинов қазіргі жаһандану жағдайында батыстық бұқаралық мәдениеттің әсерінен ұлттық мәдениеттің әлсіреу қаупі бар екенін атап өтіп, оны қайта жандандыру жолында бірқатар міндеттерді шешу қажеттігін алға тартады. Ол, ең алдымен, ұлттық тілді, дәстүрді, тарихи жадты сақтап, мәдени-рухани мұраны игерудің маңыздылығын баса көрсетеді. Осы қадамдар арқылы ғана біз ұлт ретінде рухани жұтаңдықтан арылып, мәдени тәуелсіздігімізді сақтап қала аламыз [5].

Қазақ халқының сан ғасырлық тарихи-мәдени тәжірибесі ұрпақ тәрбиесіне ерекше мән беріп келгенін көрсетеді. Бабаларымыз ұрпақтың тек дүниеге келуін емес, оның толыққанды тұлға ретінде қалыптасуын өмірлік маңызы бар іс деп таныған. Адам болып туу – табиғи құбылыс болса, ал нағыз азамат ретінде қалыптасу – тәрбиенің, орта мен рухани құндылықтардың нәтижесі. Осы тұрғыдан алғанда, ата-баба жолын танымайтын, тарихи-мәдени тамырын мойындамайтын, өткенді «ескілік сарқыншағы» деп қабылдайтын ұрпақтың болашағы алаң туғызары сөзсіз. Мұндай жастардың ұлттық сана-сезімі әлсіз болып, олар қоғамның рухани жаңғыруына кедергі келтіруі ықтимал. Қазіргі кезеңде адамзат рухани құндылықтардан алыстап, материалдық мүдделерді алдыңғы орынға қоюда. Бұл үрдіс қоғамда рухани тоқырауға, адамдар арасындағы өзара түсіністіктің азаюына, әлеуметтік жіктелудің тереңдеуіне әкеп соғуда. Бұл құбылыстардың негізінде адами парасаттың әлсіреуі, руханияттың бағаланбауы және ұлттық құндылықтарға деген селқостық жатыр. Осындай жағдайда ұлттық дүниетаным мен дәстүрлі тәрбие жүйесі қоғамның тұрақтылығы мен дамуы үшін маңызды тірек бола алады.

Ұлттың тарихи жады мен рухани мұрасын жаңғырту – қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелердің бірі. Тарихтан білетініміздей отарлық саясат пен тоталитарлық жүйе қазақ халқының тарихи санасын тұмшалап, ұлттық болмыстан алыстатуға тырысты. Дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар «ескіліктің қалдығы» ретінде қабылданып, рухани құндылықтардан алшақтау процесі жүрді. Мұның салдары ұрпақ тәрбиесінде жүйесіздікке, мәдени дағдарысқа әкелді. Бүгінгі күні бұл қателіктерді қайталамау – аса маңызды. Ұлттық сана, мәдени мұра, рухани құндылықтар – жас буынның болашағын айқындайтын басты тіректер. Сондықтан да ұлттық негіздегі тәрбие жүйесін нығайту – қоғам дамуының басты бағыттарының бірі болуы тиіс. Жаһандану дәуірінде ұлт ретінде сақталып калудың басты шарттарының бірі – тарихи сабақтастық пен рухани мұраны ұрпақ санасына сіңіре білу. Өткен мен бүгіннің арасындағы рухани және мәдени байланысты үзіліссіз жалғай алған жағдайда ғана біз болашаққа сенімді қадам жасап, кейінгі буынға айқын бағыт көрсете аламыз. Алайда бүгінгі таңда өз халқының тіліне, дініне, дәстүріне немқұрайлы қарап, ұлттық рухы әлсіз, өз ұлтына тән құндылықтарды мойындамайтын, тарихи тамырынан ажыраған жастардың бой көрсетіп жүргені жасырын емес. Бұл құбылыс – қазіргі ақпараттық-технологиялық дәуірдің ықпалынан туындап отырған сананы улайтын үрдістердің салдары.

Бүгінде, жаһанданудың жағымды тұстарымен қатар, жастардың санасына теріс ықпал ететін мәдени экспансия да кең етек жайып келеді. Кейбір жастардың дәстүрлі құндылықтарымызды теріске шығарып, оларды еуропалық өркениеттің призмасы арқылы бағалауға бейім болуы – ұлттық бірегейлікке төнген үлкен қауіп. Бұл жағдай ұлттық сана мен рухтың әлсіреуіне әкеліп соғуы мүмкін. Өзінің тарихи болмысын басқа өркениеттен іздеген ұрпақтың ұлт ретінде қалыптасуы қиынға соғары анық.

Академик Ғарифолла Есім бұл мәселеге орай: «Еліктеушілік дегеніміз біреудің соңынан салпаңдап ере берушілік. Ал, әлемге өз өлшемін ұсына білу – ол жаңа сапалық, тың өркениеттік сұраныс. Біз осындай сұранысқа сай болу үшін көптеген мәдени, оқу, білім, ғылым, өнер саласында жаңа сапаға өтуіміз қажет. Тың сапалық кеңістікке шығу үшін біз өркениеттің жаңа өлшемін ұсынуымыз керек. Еліктеу және әлде кімдерден шәкірт болып үйрене беру өркениеттілікке жеткізбейді» [6], – деп, ұлттық ерекшелікті сақтау арқылы ғана өркениеттілікке қол жеткізу мүмкін екендігін алға тартады.

Шындығында, қазіргі кезде ақпарат құралдарының дамуы мен интернет технологияларының, әлеуметтік желілердің кеңінен таралуы жастардың дүниетанымына зор ықпал етіп отыр. Батыс мәдениетіне бейсаналы еліктеу – қазіргі қоғамда кең етек алған құбылыс. Мұндай жағдайда ұлттық құндылықтарымызды сақтап қалу мәселесі күн тәртібіне өткір қойылуы тиіс. Жаһандану заманында бізге жаңа технологиялар мен ғылымның жетістіктерін меңгеру қажет екендігі сөзсіз. Бұл – біздің жаһандық бәсекеге қабілетті ұлт болуымыз үшін маңызды шарт. Алайда, батыстан тек пайдалы тәжірибені ғана алуымыз қажет. Ал олардың дүниетанымынан туындаған, ұлттық сана-сезімге жат мәдени үлгілерінен бойды аулақ ұстау – аса маңызды.

Қазіргі қоғамда жастардың кейбірінің жат әрекеттерге бой алдыруы – ұлттық иммунитеттің әлсіреуінің айғағы. Бұл – жастардың шетелдік құндылықтарға шектен тыс әуестеніп, өз тамырынан ажырауының көрінісі. Сондықтан ұлттық дәстүр, тіл, тарих және дін сынды төрт іргелі құндылықтарымызды сақтау – бүгінгі ұрпақтың рухани қауіпсіздігін қамтамасыз етудің басты жолы. Осы құндылықтар ұлтты ұлт етіп отырған дінгек іспетті. Егер біз осы дінгектерімізден айырылсақ, болашаққа бастар жолымыз бұлыңғыр болмақ. Ұрпақ тәрбиесі – ел болашағының кепілі. Алайда қазіргі кезеңде осы маңызды салада жүйесіздікке жол беріліп жатқаны байқалады. Жастардың танымдық бағдарында сыртқы мәдениетке, әсіресе батыстық үлгілерге шектен тыс еліктеушілік белең алуда. Бұл үрдіс ұлттық құндылықтардың маңызын төмендетіп, жастардың өз болмысынан алшақтауына себепкер болып отыр. Мұндай ахуалға жол бермеу – әрбір зиялы қауым өкілінің, саналы азаматтың азаматтық борышы.

Ұлттың болашағы оның төл мәдениетінде, салт-дәстүрінде, ана тілінде, тарихи санасында жатыр. Ұлттық құндылықтар – жас ұрпақтың тұлғалық дамуы мен рухани кемелденуінің негізі. Сол себепті де, қазақ халқының бойында ғасырлар бойы жинақталған моральдық-этикалық құндылықтардың ұрпақ тәрбиесіндегі орны айрықша [7].

Қазіргі жаһандану үдерісінде ұлттық болмысты, құндылықтарымызды сақтап қалу, әсіресе жас ұрпақтың рухани-мәдени кеңістігін қалыптастыруда аса маңызды. Жас ұрпақ өзінің ұлттық келбетін бөтен өркениеттен емес, ата-бабалардың өмір сүру тәжірибесінен, тарихынан және ғасырлар бойы қалыптасқан рухани мұрасынан іздеуі тиіс. Олай болмаған жағдайда, батыстық мәдениет пен өмір салтына шектен тыс еліктеудің салдары ретінде, тілін, дінін, мәдениетін менсінбейтін, өзіндік тарихи тамырынан үзіліп қалған ұрпақ қалыптасу қаупі бар. Бұл жағдай елдің болашағына тікелей әсер ететіні сөзсіз.

Аталған мәселелерді шешудің тиімді жолдарының бірі – ұрпақты ұлттық рухта, отансүйгіштік пен мәдени сана негізінде тәрбиелеу. Ұлттық патриотизм мен рухани тұтастықтың іргетасы болып табылатын дәстүрлі тәрбие жастардың болмысын қалыптастыруда ерекше рөл атқарады. Рухы биік, намысы берік ұрпақ ғана өз ұлтының тілін, мәдениетін, дінін және дәстүрін жаңғыртып, дамытуға қабілетті болмақ.

Ал, керісінше, ұлттық құндылықтарды елемеу, аяқасты ету ұрпақты сана-сезімі әлсіз, бағыт-бағдары бұлыңғыр, сыртқы ықпалға оңай берілетін тобырға айналдырады. Мұндай қоғамда болашақтың тұрақтылығы мен кемелдігіне сеніммен қарау қиын. Жаңа дәуір жастарының қалыптасуында тек технологиялық прогреске немесе заманауи білімге иек арту жеткіліксіз. Бүгінгі таңда, қоғамның алдында тұрған маңызды міндет – интеллектуалды ұрпақ тәрбиелеу. Алайда бұл интеллектуалдық өрлеу ұлттық негізден ажырамаған жағдайда ғана шынайы және тұрақты болмақ. Ұрпақтың ой-өрісі мен таным көкжиегі ұлттық құндылықтармен сусындаған жағдайда ғана, олар заман талабына сай дамып, ұлттың рухани тәуелсіздігін қамтамасыз ете алады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан: ұлттық энциклопедия / ред. Ә. Нысанбаев. – Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2001. – 720 б.
2. Болысова К.М. Мәңгүрттік әлеуметтік-философиялық феномен ретінде: филос. ғыл. кан. дисс. автореф.: 09.00.11. – Алматы, 2010. – 25 б.
3. Құрманбаева Н.М. Культура Востока и Запада: проблемы интеграции. – Алматы:Бастау, 2000. – 247с.
4. Есім Ғ. Инновациялық ойлау жүйесі // ҚазҰУ хабаршысы. – 2013. – №2(43). – Б. 4-8.
5. Сатиршинов Б.М. Тарихи сананың қалыптасуы мен дамуын әлеуметтік-философиялық талдау: 09.00.11: филос. ғыл. док. ... автореф. – Алматы, 2009. – 45 б.
6. Есім Ғ. Бостандықтың бағасы. – Алматы: ЖШС Қазақстан баспа үйі, 2003. – 24 б.
7. Рақимжанова С.К. Дәстүрді философиялық бағамдау // Адам әлемі. 2018. – №2(76). – Б. 75-83.